

**Кіші №1 «Ақ тиін» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**  
**Қазан айы, II-апта (05.10-09.10.2020ж)**

**Өтпелі тақырып: "Менің отбасым"**

**Апталық тақырып: "Менің көшем. Мен тұратын үй."**

**Мақсаты:** Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру, тақырып жайында ұғымдарын кеңейту, өздерінің тұратын көшелері туралы әңгімелету, сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын байыту, отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу, балабақша мен үйде мінез-құлық қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру, туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Дүйсенбі 05.10.2020</b>	<b>Сейсенбі 06.10.2020</b>	<b>Сәрсенбі 07.10.2020</b>	<b>Бейсенбі 08.10.2020</b>	<b>Жұма 09.10.2020</b>
<b>Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу</b>	8.00- 8.40	Амандасу. Балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтары мен денсаулықтарын тексеру. демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. Балалармен күнделікті таңертеңгі жұмыстар жүргізу.				
<b>Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)</b>		<b>Саусақ жаттығуы</b> Санайық жаңаша, Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш Оң қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ Оларды атап шақырар Әрқайсысының аты бар Бас бармақ Балаң үйрек Ортаң терек Шылдыр шүмек Кішкене бөбек.	<b>Жәндіктер туралы жұмбақтар</b>  Гүл ұшып гүлге қонады Гүл бақшам гүлге толады (көбелек) Екі басы құдырықтай Ортасы қылдырықтай (құмырсқа) Бар жұмысы ермегі Талмай қанат қағады Еңбекті қош көрмейді Жат ыдысты бағады (шыбын)	<b>Психологиялық жаттығу "Досым мен бөліс"</b>  Балалармен топта достармен теңдей бөлісіп, ешкімді ренжетпеу керектігі жайлы әңгімелесу. Үйде туыстарымен үнемі жемістермен бөлісу қажет екенін айту. Үлкен бір алманы кішкентай бөліктерге бөліп беруді тусіндіру.	<b>Дидактикалық ойын: "Артығын тап"</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілетін дамытып, зейінін ашу.	<b>Дидактикалық ойын: "</b> "Біреу және көп" <b>Мақсаты:</b> Балалардың қойып санай білуін дамыту, көп және аз ұғымын қалыптастыру.
<b>Таңертеңгілік жаттығу</b>		<b>Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары. №2</b>				

Таңғы ас		Балаларға тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге, майлықты дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу-қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	<p><b>Дидактикалық ойын: "Жәндіктерді тауып ата"</b>  <b>Мақсаты:</b> ойлауын дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: "Біреу және көп"</b>  <b>мақсаты:</b> балалардың қойып санай білуін дамыту, көп және аз ұғымын қалыптастыру.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: Гүлдерді түстеріне қарай орналастыр"</b>  <b>Мақсаты:</b> балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, жақсы жаман қасиеттерді ажыратуға үйрету.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: "Қандай жануар жоқ?"</b>  <b>Мақсаты:</b> суреттерден жоқжәндіктерді тауып атауға үйрету.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: "Артығын тап"</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамыту.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	9.15-9.45	<p>«Қатынас»  <b>1.Көркем әдебиет Жаратылыстану Тақырыбы: «Шұбар тауық»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды ертегіні тыңдай білуге үйрету, балаларды кейіпкерлерінің әрекеттері мен жүріс – тұрысын талдауға, оларға баға беруге үйрету арқылы ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>1. Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы: «Біз қыдыруға барамыз»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға саусақтар көмегімен іздерді салу әдісін үйрету. Саусақ бұлшықеттерін және қимыл – қозғалыстарын</p>	<p>«Денсаулық»  <b>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балақайлардың үйшігі»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды өз жанұя мүшелерін атай білуге, өз отбасы жайлы әңгімелеу.  Балаларды қатарда жүппен жүруге,нұсқаушының нұсқауымен тапсырмаларды орындауға үйрету,доғаның астымен төрттағандап жүру,шағын жерде жүруде тепе – теңдікті сақтау дағдыларын жетілдіру.  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>1.Музыка</b>  <b>Тақырыбы: «Жүгіреміз, жүреміз»</b>  Г.Абдрахманова  <b>Мақсаты:</b>Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, балалардан көшелері туралы сұрау.</p>	<p>«Денсаулық»  <b>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ата әжеге барар жолда»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға ата әжелерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, шектелген жолдар бойымен жүріп, ектелген жолдар бойымен жүруге үйрету. Басқа балалармен бірге бірлесіп қимылдар орындау дағдыларын қалыптастыру.  <b>«Таным»</b>  <b>1.Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы: «Үйшік»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге үйрету,олардың түсін, пішінін,көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтың ұсынған</p>	<p>«Таным»  <b>1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің көшем»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларғаөздерінің тұратын көшелері туралы түсінік бере отырып, әңгімелесу, балалардың жағымды эмоциясын және өз үйі жайында әңгімелеуге ынтасын тудыру.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, үйрету, сұрақ-жауап  <b>Жүру барысы:</b> Шаттық шеңбері: Сұрақ-жауап: Сергіту сәті: Қортынды: Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.</p>	<p>«Денсаулық»  <b>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Маша қонаққа келді»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды өз жанұя мүшелерін атай білуге, өз отбасы жайлы әңгімелей отырып, Машамен бірге серуендей отырып, қыл көпірден еңбектеу.Аяқ іздерді басып, құлап кетпей жүру.  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>1. Музыка</b>  <b>Тақырыбы: «Жүгіреміз, жүреміз»</b>  Г.Абдрахманова  <b>Мақсаты:</b>Өнді қайталату, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу»</p>

	<p>жетілдіру. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Кіріктірілген оқу қызметі:</b></p> <p><b>Әдіс-тәсілдері:</b> көрсету, түсіндіру, әңгімелесу,</p> <p>сұрақ-жауап, сергіту сәті, қорытынды.</p> <p><b>Жүру барысы:</b> <b>Шаттық шеңбері:</b> Алақанды ашайық Күннің көзін жасайық Таза ауаға қол сермеп Жүрек жылуын жасайық Мейірімділік шоғын біз Қонақтарға шашайық. <b>Ғажайып сәт:</b> Есік соғып қуыршақ келеді. Өзінің адасқанын айтып балалардан көмек сұрайды. Балалар қуыршаққа өз үйін, көшесін табуға көмектеседі. бір көшеде тұратын адамдар көрші болатынын түсіндіреміз.</p> <p><b>Қос тілділік:</b> көше- улица Көрші- сосед</p> <p><b>Сергіту сәті:</b> Біз балдырған баламыз Құстай қанат қағамыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз.</p> <p><b>Сұрақ-жауап:</b> <b>Сурет салу</b> Қуыршаққа</p>	<p>Әнді таза, сөзін анық айтуға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу»</p>	<p>шарты бойынша құрылыс материалдарды кеңістікте орналастыра білу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, үйрету, сұрақ-жауап.</p> <p><b>Жүру барысы:</b> <b>Шаттық шеңбері.</b> Тоңазып атырап, Көп жеміс піседі Сағайып жапырақ, Саудырап түседі «Күз-жомарт»- дейміз біз, Жемісін жейміз біз.</p> <p><b>Ғажайып сәт:</b> <b>Сөздік жұмыс:</b> үйшік <b>Қос тілдік:</b> үйшік-домик.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Балалар сергіту сәтін іс-қимылмен орындайды. Көлбең-көлбең көлеңке, Көлбеңдеген көлеңке. Аю қайтіп жүреді, Аю былай жүреді. Қоян қайтып жүреді, Қоян былай жүреді.</p> <p><b>Сұрақ-жауап:</b> -Балалар, біз қайда бардық? -Аңдарға не жасап бердік? Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.</p>		
--	--	---	---	--	--



		қыдыруға барамыз.				
<b>Серуенге дайындық</b>	9.45-10.05	Киімдерін ретімен киюге, іште киетін киімдерін ұқышты жинауға, аяқ киімдерінің бауларын байлауға үйрету. Серуенге шыққанда далалада жүгірмеуді, қатты сөйлемеуді үйрету.				
<b>Серуен</b>	10.05-11.30	<p><b>Бақылау:</b> Жая жүргіншілерді.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жол жүру ережесін қатаң сақтауға, үлкендерсіз жолда журмеуді түсіндіру.</p> <p><b>2.Еңбек:</b> Үлкен топтардың еңбегін бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Үлкен топ балаларының еңбегіне алғыс айтқызу.</p> <p><b>3.Қимылды ойын:</b> «Маған қарай жүгіріңдер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды жылдам жүгіруге, қозғалуға үйрету.</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Бақытжанға сүйікті ойыншықтары туралы сұрау.</p> <p><b>5.Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Сарғайған жапырақтарды.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгілінде жапырақтар сарғайып, жерге түсетінін түсіндіру.</p> <p><b>2.Еңбек:</b> Ойын алаңындағы ұсақ тастарды жинауға көмектесу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> еңбек құралдарын пайдалану, әдісін үйрету, бірлесе отырып еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>3.Қимылды ойын :</b> «Ұшты-ұшты»</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Айзереге допты тіке жолмен домалатуға үйрету.</p> <p><b>5.Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Адамдарды</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға әр адам өз ісімен айналысып жүргенін түсіндіру.</p> <p>Балаларды еңбекке деген сүйіспеншілігіне баулу.</p> <p><b>2.Еңбек:</b> Аула сыпырушының еңбегін бағалау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p><b>3.Қимылды ойын:</b> «Допы қуып жет»</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды шапшандыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Ибрахимге өлең жаттату.</p> <p><b>5.Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Бұлтты.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға бұлтты күні далаға жеңіл киіммен шықпау керектігін түсіндіру.</p> <p><b>2.Еңбек:</b> Үлкендердің еңбегі туралы әңгімелесу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ата-аналарының еңбегін бағалау, оларға алғыс айтуға үйрету.</p> <p><b>3.Қимылды ойын:</b> «Жаңбыр мен күн»</p> <p><b>Мақсаты:</b> қимыл-қозғалыстарын арттыру.</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Алинұрға тақпақ жаттату.</p> <p><b>5.Еркін ойындар.</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Жаңбыр.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жаңбыр жауғанда табиғат тазаратынын түсіндіру.</p> <p><b>2.Еңбек:</b> Ойын алаңын жапырақтардан тазалау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды еңбекке баулу.</p> <p><b>3.Қимылды ойын:</b> «Қоңырау қайдан естіледі»</p> <p><b>Мақсаты:</b> есту мүшелерін қалыптастыру.</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Қайсарға жыл мезгілдерін айтқызып, жаттату.</p> <p><b>5.Еркін ойындар.</b></p>

Серуеннен оралу	11.30-11.50	Балаларға аяқ киімдерін шешіп, киімдерін ретімен шешіп, жинап қоюды дағдыландыру ішке киетін аяқ киімдерін оң киюлерін қадағалау. Қолдарын, білектерін сабындап жууға үйрету, құрғатып сүртуге дағдыландыру. Бір-біріне жәрдемдесуге дағдыландыру.				
Түскі ас	11.50-12.30	Қатарға тыныш тұру, тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу. Ауыз қуыстарын шаю. Киімдерін ретімен шешу.				
Түскі ұйқы	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
		Жәй әуенмен ұйықтату	М.Беспаетың «Әлди-әлди» өлеңімен ұйықтату.	Балаларды «Жетілак» ертегісімен ұйықтату.	Қ.Әбілдинанаң «Ұйықасын тыныш сәбилер» әуенімен ұйықтату.	Балаларды «Мақта қыз бен мысық» ертегісімен ұйықтату..
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.00-15.30	Музыка әуенімен біртіндеп тұрғызу. Төсекте керіліп, аяқ-қолын созу. Гимнастикалық жаттығулар жасау.				
Бесін ас	15.30-16.00	Балаларға астарына дәмділік тілеу, тамақты төкпей ішуге, денелерін тік ұстап отыруға тәрбиелеу. Тамақтан соң рахмет сөзін айтқызуға үйрету.				
Ойындар, дербес әрекет.	16.00-16.20	<p><b>Сюжеттік рөлдік ойын: "Қуыршақты емдейміз"</b>  <b>Мақсаты:</b> мейірімділікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сюжеттік рөлдік ойыны: «Қуыршақты шомылдырамыз»</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды ұжымдық ойындарды ойнауға үйрету.          Үміт пен Саянаға ертегі кейіпкерлерін естеріне түсіріп айтқызу.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b>          «Ненің дауысы?»  <b>Мақсаты:</b> құстардың қандай дауыс шығаратынын суретке карап отырып дауыстауға үйрету.</p>	<p><b>«Бауырсақ» ертегісі</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. сiруге үйрету.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Төлін тап»</b>  <b>Мақсаты:</b> сурет бойынша үй жануарларын атап, төлдерін табуға үйрету.</p>
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар		Алиге мен Қасымханға қатарға тұруды үйрету.	Айшаға қысқа тақпақ, өлең айтуға үйрету.	Дарияға жеңіл айтылатын, қайталанатын сөздерді әндете айтуға үйрету.	Айзере мен Алиге көз әйнекпен күнді бақылату.	Ясминаға Өлең сөзін үйрету.
Серуенге дайындық	16.20-16.40	Балаларға киімдерін ретімен киюге дағдыландыру. Бір-біріне жәрдемдесуге дағдыландыру. Киімдерін ретімен киюге үйрету. Аяқ киімдерін оң киюлерін қадағалау.				
Серуен	16.40-17.40	<p><b>Бақылау:</b> Гүлзарды.  <b>Қимылды ойын:</b> "Маған қарай жүгіріндер"</p>	<p><b>Бақылау:</b> Аула тазалаушының еңбегін.  <b>Қимылды ойын:</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Тастарды.  <b>Қимылды ойын:</b> "Жол бойында"</p>	<p><b>Бақылау:</b> Жаңбырды.  <b>Қимылды ойын:</b> "Қақпаға"</p>	<p><b>Бақылау:</b> Жүргізуші еңбегін.  <b>Қимылды ойын:</b> "Таяқтан аттап өт"</p>



		<p><b>Мақсаты:</b> қимыл-қозғалыстарын дамыту, шапшандыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p>"Автомобиль"</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды бір-біріне соқтығыспай жан-жаққа жүгіруге, тәрбиеші берген белгісі бойынша қимылды бастауға, бағытты өзгертпеуге, өз орынын табуға үйрету.</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Қатарға тұруға, адымдап жүруге, секіруге және белгі бойынша әрекет етуге үйрету.</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбектеуге, кедергілерден өтуге, тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Кішігірім топ болып, бір-бірінің артынан, шашыраңқы жүруге, жүгіруге үйрету. Ептілікті, тепе-теңдікті сақтауды жаттықтыру.</p> <p><b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>
Серуеннен оралу	17.40-18.00	Киімдерін ретімен шешу. Қолдарын сабындап жуу. Еркін ойындар ойнату.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата - аналарға келісім шарт өзгерістері туралы, айта отырып толтыру.	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.	Аптадағы тақпақтарды қайталатуды айту.	Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту.	Демалыстарына сәттілік тілеу.